КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 29 қыркүйек № 1013-25-00-2/1546 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовнаға мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовнадан мемлекет кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовнадан «Теплокоммунэнерго» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 16 175 (он алты мың жүз жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Астана ЭлектроТехМаркет» Каметова Томирис Талгатовнадан мемлекет кірісіне 485 (төрт жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін Абай облысы сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына осы сот арқылы апелляциялық шағым, наразылық – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья С. Балғабеков

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 01.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 10.11.2025, судья Туратпаев С. Ш., 12.11.2025

1013-25-3-1/1713